

## Юнеско істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 24 желтоқсан N 1077. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.08.07. N 1210 қаулысымен. ~P001210

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ЮНЕСКО

істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясын құру туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясының Ережесі (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

3. ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясының қызметін үйлестіру жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 24 желтоқсандағы

N 1077 қаулысымен

Бекітілген

ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының

Ұлттық комиссиясы туралы

Ереже

ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы (бұдан былай Комиссия) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанынан құрылады.

Ұлттық комиссия туралы Ереже мен оның құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы өзінің жұмысын Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендік туралы Декларациясы, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы мен ЮНЕСКО-ның жарғылық ережелері негізінде құрады.

Ұлттық комиссия құзырының негізгі салалары:

- сан-салалы білім беру;
- әлеуметтік, қоғамдық, жаратылыс тану ғылымдары;
- мәдениет және халықаралық мәдени ынтымақтастық;
- бұқаралық ақпарат және қатынас болып табылады.

ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясына мынадай негізгі қызметтер жүктеледі:

- ЮНЕСКО-ның Хатшылығына және оның аймақтық бөлімшелеріне Қазақстан Республикасының министрліктерінің, ведомстволарының, ұйымдары мен мамандарының ЮНЕСКО шаралары мен жобаларына қатысуы туралы ұсыныстарын дайындау және енгізу;

- ЮНЕСКО Хатшылығымен, оның аймақтық өкілдіктерімен шет елдердің ұлттық ұйымдарымен әртүрлі нысандар мен байланыстарды қалыптастыру және дамыту жөніндегі ЮНЕСКО-ның Ұлттық комиссияларымен жүйелі консультациялар өткізу;

- Республика аумағында және одан тысқары жерлерде ЮНЕСКО шараларын дайындау мен өткізуге ат салысу;

- Республика Үкіметінің келісімімен республиканың ұйымдары мен мекемелері және ЮНЕСКО-ның аймақтық бөлімшелері, басқа халықаралық және үкіметтік емес ұйымдары, ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиялары арасындағы келісім мен шарттардың жобаларын дайындауға ықпал ету;

- ЮНЕСКО Хатшылығы мен оның аймақтық бөлімшелерінде жұмыс істеу үшін Республиканың мамандары тобын жасақтау.

### Комиссия құрамы

Комиссия Төраға, бірінші орынбасары, жауапты хатшысы, қызмет бағыттары бойынша орынбасарлары, министрліктер, ведомстволар, ұйымдар мен

мекемелердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ ғылым, мәдениет және білім беру салаларының көрнекті өкілдерінен құралады. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне жатады.

Ұлттық комиссия Төрағасы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінде бекітіледі.

### Комиссия жұмысын ұйымдастыру принциптері

Комиссия толық құрамда жылына бір рет мәжіліс өткізеді. Мәжіліс кезінде Төрағаның бірінші орынбасары мен жауапты хатшының комиссия жұмысшы органдарының өткен уақыт ішіндегі қызметі туралы, оның жеке комитеттерінің (комиссияларының) жұмысы туралы есептері, Комиссияның қызметін дамыту перспективасы талқыланады және оның хатшылығы, жұмысшы органдары мен комиссияларының алдағы кезеңдегі қызметінің бағдарламасы (жоспары) бекітіледі.

Комиссияның мәжілістері аралығындағы кезеңде оның жұмысын бюро басқарады. Бюро қажетіне қарай, тоқсанына кем дегенде бір рет жиналады.

Ұлттық комиссия шеңберінде әр түрлі проблемалық бағыттар бойынша комиссиялар құрыла алады. Комиссияны Комиссия Төрағасының бағыттар жөніндегі және бюро алдында есеп беретін орынбасарлары басқарады.

Жауапты хатшы басқаратын Хатшылық Комиссияның жұмысшы органы болып табылады.

Хатшылыққа мынадай қызметтер:

- ЮНЕСКО Хатшылығымен, оның аймақтық бөлімшелерімен, ЮНЕСКО тарапынан консультациялық мәртебесі бар үкіметтік емес ұйымдарымен, ЮНЕСКО-ға қатысушы елдердің жеке ұлттық комиссияларымен, сондай-ақ ЮНЕСКО істері жөніндегі ТМД республикаларының ұйымдарымен тұрақты байланыс ұстау;

- Комиссияның және оның бюросының мәжілістеріне материалдар дайындау;
- Комиссия жұмысының, оның жұмысшы органдарының жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз ету және оның орындалуын қадағалау;

- ЮНЕСКО басылымдарында жариялауға материалдар дайындауға көмек көрсету және жарыққа шығуын тездету, ЮНЕСКО-ның ақпараттық материалдары мен басылымдарын мүдделі ұйымдарға тарату;

- ЮНЕСКО-ның аясында өткізілетін халықаралық шараларды дайындайтын және өткізетін атқарушы ұйымдарға көмектесу;

- атқарушы ұйымдардың ұсыныстары негізінде мақсаттық бағдарламаларды дайындау және оларды ЮНЕСКО Хатшылығы мен оның аймақтық

бөлімшелеріне енгізу;

- республиканың қалың жұртшылығын ЮНЕСКО қызметімен және оның қызметіне Қазақстан Республикасы мен басқа да ТМД республикаларының қатысуы туралы тұрақты таныстырып отыру;

- Қазақстан Республикасында және ЮНЕСКО Хатшылығы мен оның аймақтық бөлімшелерінде сарапшы ретінде қызмет істеу үшін республика мамандарын біріктіру және жөнелту жүктеледі.

Республика үкіметінің шешімімен ЮНЕСКО аясында өткізілетін халықаралық шараларды қаржыландыру осы шараларды дайындауға және өткізуге қатысушы ұйымдардан және демеушілік жарналардан түсетін және мемлекеттік қаржы есебінен жүзеге асырылады.

Ақша қаражатын жұмсау ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы Төрағасының немесе оның тапсыруымен жауапты хатшының билігінде болады.

ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясының Төрағасы жауапты хатшымен бірге комиссиядағы ақша қаражатын пайдалану мәселелері жөнінде Комиссия мәжілісінде тұрақты есеп береді.

Комиссияның ақша қаражатының дұрыс пайдаланылуын заң жүзінде өкілдік берілген органдар тексереді.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 24 желтоқсандағы  
N 1077 қаулысына  
Қосымша

ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасы

Ұлттық комиссиясының

## ҚҰРАМЫ

Жолдасбеков Мырзатай - Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің орынбасары,  
Комиссия Төрағасы

Тоқаев Қасымжомарт - Қазақстан Республикасы Сыртқы  
Кемелұлы істер министрінің орынбасары,  
Төрағаның бірінші орынбасары

Әбдірахманов Серік - халықаралық экологиялық "Елімай"  
қорының президенті

Атрушкевич Павел - Қазақтың мемлекеттік сәулет-құрылыс  
Александрович академиясының ректоры. Қазақстан  
Республикасының халық депутаты,  
Төрағаның орынбасары

Ахметов Әділ - Алматы шетел тілдері педагогика  
Құрманжанұлы институтының ректоры, филология  
ғылымының кандидаты

Жағанова Алтыншаш - Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Қайыржанқызы Кеңесінің Әйелдер, отбасын сақтау,  
ана мен бала істері жөніндегі  
комитетінің төрағасы

Исағалиев Қайрат - Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істерінің мәдени және  
мархабаттылық ынтымақтастық  
бөлімінің меңгерушісі

Қалиев Жекен - Қазақстанның сыртқы саясат  
ассоциациясының президенті,  
Республикалық "Кітап"  
қоғамының бірінші орынбасары,  
Қазақстан Республикасының халық  
депутаты

Қонақбаев Асылбек - Қазақстан Қызыл Жарты Ай және

Өнербекұлы

Қызыл Крест қоғамының төрағасы

Қожамьяров Құддыс

- композитор, Қазақстан  
Республикасының халық артисі

Нәрібаев Көпжасар

- Қазақтың Мемлекеттік Әл-Фараби  
атындағы университетінің  
ректоры, экономика ғылымдарының  
докторы, профессор

Мағауин Мұхтар

- жазушы

Сәбденов Оразалы

- Қазақстан Республикасының халық  
депутаты, экономика ғылымдарының  
докторы, Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Кеңесінің Ғылым және  
халыққа білім беруді дамыту  
мәселелері жөніндегі комитетінің  
төрағасы, Төрағаның орынбасары

Сәрсенбаев Алтынбек

- Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Министрлер Кабинеті Аппаратының  
Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі

Сығаев Әшірбек

Төребайұлы

- Қазақстан Республикасы Мәдениет  
министрінің бірінші орынбасары  
Төрағаның орынбасары

Сұлтанов Қуаныш

- Қазақстан Республикасының Баспа  
және бұқаралық ақпарат министрі,  
Төрағаның орынбасары

Тәжин Марат

Мұхаметқазыұлы

- Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Министрлер Кабинеті Аппаратының  
Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің  
бірінші орынбасары

Щеголихин Иван  
Павлович

- Қазақстан Республикасының халық  
жазушысы

Хан Гурий - Қазақтың менеджмент, экономика  
Борисович және болжамдау институты  
саясаттану және әлемдік саясат  
кафедрасының меңгерушісі

ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасы

Ұлттық комиссиясының

### БЮРОСЫ

Жолдасбеков Мырзатай - Комиссия төрағасы  
Тоқаев Қасымжомарт - Төрағаның бірінші орынбасары  
Кемелұлы  
Атрушкевич Павел - Төрағаның орынбасары, білім беру  
Александрович жөніндегі сектор меңгерушісі  
Сабденов Оразалы - Төрағаның орынбасары, ғылым  
жөніндегі сектор меңгерушісі  
Сығаев Әшірбек - Төрағаның орынбасары, мәдениет  
Төребайұлы жөніндегі сектор меңгерушісі  
Султанов Қуаныш - Төрағаның орынбасары, баспа және  
ақпарат жөніндегі сектор  
меңгерушісі

Исағалиев Қайрат - жауапты хатшы